



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- 2) разработка и заключение соглашений;
- 3) разработка, согласование и утверждение мероприятий по реализации соглашений;
- 4) проведение консультаций и выработка рекомендаций по вопросам, связанным с ратификацией и применением международных трудовых норм.

Функциями республиканской трехсторонней комиссии являются:

- 1) рассмотрение (по инициативе сторон социального партнерства) законопроектов в области социально-трудовых отношений и вынесение по ним рекомендаций;
- 2) внесение в органы исполнительной власти предложений о разработке и принятии нормативных правовых актов в области социально-трудовых отношений;
- 3) утверждение национальной рамки квалификации;
- 4) разработка и согласование мероприятий по предупреждению и предотвращению социально-трудовых конфликтов и забастовок;
- 5) согласование мер, направленных на обеспечение занятости и сокращение уровня безработицы;
- 6) заключение генерального соглашения и осуществление мониторинга за его исполнением;
- 7) формирование группы наблюдателей для участия в разработке и принятии соглашений на отраслевом и региональном уровнях;
- 8) осуществление иных функций, направленных на реализацию основных целей и задач республиканской комиссии.

Эффективное функционирование системы социального партнерства обеспечивается наличием одинаковых равных прав сторон, поскольку баланс интересов могут обеспечить только равноправные стороны. На практике это означает создание на равноправной основе (из равного числа представителей) комиссий для ведения коллективных переговоров и для разрешения трудового спора, а также равенство возможностей в инициировании предложений о заключении, изменении и дополнении соответствующего соглашения или коллективного договора.

Список использованных источников

1. Программная статья Президента РК Н.А. Назарбаева «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда», Астана: КАЗИНФОРМ // <http://kaz.inform.kz>. 10 июля 2012г.
2. Трудовой Кодекс РК от 23 ноября 2015 года // СПС «Адилет», 2016.
3. Шайкин Д. Особенности формирования и развития трудовых отношений в рамках социального партнерства в РК // Труд в Казахстане- 2009-№3-с.2-5
4. Жусупова А.Д. Становление социального партнерства в Казахстане//kisi.kz, 16 августа 2002.

УДК 347.965.1

АДВОКАТТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫ

Қорқытова Ақмерей Бекболатқызы

Akmerey01@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультеті, Халықаралық құқық мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Төлеубеков

Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процестік кодексі 2015 жылдың 31 қазанында қабылданып 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді [1]. Аталған Кодекстің 6-тарауы Сотта өкілдік ету институтына арналған. Соттағы өкілдік процессуалдық сипатқа ие. Бір тұлғаның (өкіл алушы) екінші тұлғаның (өкіл беруші) атынан процессуалдық

құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге бағытталған әрекетті – сотта өкілдік ету деп белгіленген. Бұл құқықтық қатынастың негізі әрі бастауы, азаматтық – құқықтық шартта болады, яғни осы шарт негізінде екі тараптың арасында құқықтық қатынас пайда болады.

Қазақстан Республикасындағы адвокат дегеніміз - заңгерлік жоғары білімі бар, заңгерлік мамандық бойынша жұмыс стажы 2 жылдан кем емес, адвокаттық қызметті іске асыруға құқық беретін лицензиясы бар және адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын Қазақстан республикасының азаматтарын айтамыз.

Азаматтық процестік кодексінің 58-бабына сәйкес азаматтар өз істерін сотта жеке өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Алайда, айта кетер жайт азаматтың іске өзінің қатысуы оны бұл іс бойынша өкілінің болу құқығынан айырмайды.

Қазақстан Республикасы өзін тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыра отырып, ең басты қазынасы ретінде адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтарын қарастырады. Оған 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясындағы «әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандығын қорғауға құқылы» нормасы дәлел болады [2].

Адам мен азаматтың құқығына кепілдік беретін Негізгі заңның конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық принцип ретінде қолданылатын білікті заң көмегін алу құқығы ерекше орын алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында әрбір адамның білікті заң көмегін алуға құқығының бар екендігі тікелей көрсетілген. Ал заңда көзделген жағдайда мұндай көмек тегін көрсетіледі. Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бар екендігін атап өткен жөн. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда, осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институтынсыз мүмкін емес. Қазақстандық заңнамада адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметі міндетін атқарады. Әдетте, құқық қорғау қызметі ретінде біз азаматтар мен ұйымдардың құқығын қорғауды мақсат ететін және заңға сәйкес заңдық әсер ету шараларын қолдану жолымен арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін және олар белгілеген тәртіп мүлтіксіз сақталатын қызметті түсінеміз.

Сөйтіп, азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау жүйесінде адвокатураға маңызды орын беріледі. Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны - адвокаттар алқасы - білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы. Оның міндеті жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, құқықтар мен заңды мүдделерді, заңдылықты сақтау мен нығайтуға, сондай-ақ заңдарда көзделген кейбір өзге міндеттерді атқаруға жәрдемдесу болып табылады. Адвокаттар алқасы адвокатураның шынайы өзін-өзі басқаруын, адвокаттардың кәсіби шеберлігін, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Кез келген қоғамда жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету тетігінің ең маңызды элементтерінің бірі құқықтық көмек кепілі болып табылады. Арнайы құқықтық білімі мен дағдылары жоқ, қиын жағдайға түскен адам өз мүдделерін қорғау үшін кәсіби білікті маманның көмегін қажет етеді. Осыған байланысты, білікті заң көмегін алу құқығы әмбебап болып табылады, өйткені ол тұлғаның белгілі бір құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушы тараптың іс жүргізу құқықтарын тиімді іске асырудың кепілі ретінде әрекет етеді. Азаматтық іс жүргізу қатынастарына кәсіби өкілді тарту қажеттілігі тараптың өзінің іс жүргізу процесіне қатысуға мүмкіндігі жоқтығымен немесе өз еркімен өкілдің көмегіне жүгінуімен сипатталады.

Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 5 желтоқсанында қабылданған «Адвокаттық қызмет туралы» заңы әрбір азаматтың заңды кәсіптік көмек алуға конституциялық құқығы бар екенін мәлімдейді [3]. Азаматтық процесте адвокат осы

құқықты іске асыру кепілі ретінде әрекет етеді. Талапкер немесе жауапкер мүдделерін қорғау – бүгінгі күнгі ең өзекті тақырыптардың бірі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған жолдауында қоғамдағы ең басты игілік – адам, оның өмірі, денсаулығы, бостандығы екендігін ескере келіп, мұндай асыл қазынаға, құқыққа қайшы әрекет етушілерге заңды жауапкершілік қолдануы қажеттігін бірнеше рет айтқан еді. Қоғамдық қатынастарды реттеуші құралдардың бірі – заң салалары болып табылады [4].

Адвокатура азаматтардың барлық жағдайда құқықтары мен бостандықтарын заң тұрғысынан көмек беріп қорғайтын бірден-бір заңи ұйым болып табылады. Оның заң көмегін көрсету түрлері мен әдістері және құқықтық негіздері әр алуан, өзіне тән ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Азаматтық істе адвокаттың қатысу негізінің бірі – тапсырма бойынша іске асырылады және де оның іс жүргізудегі өкілеттігі сенімхатта белгіленеді. Адвокат өзіне жүгініп келген азаматтың азаматтық іс жөніндегі азаматтық процеске дейінгі немесе процессуалдық өкілеттік басталғанға дейін заң кеңесін береді [5]. Яғни адвокат пен өкілдік берушінің қарым-қатынастары заң кеңесін берген кезден басталады.

Кез келген қол сұғушылық пен тәртіп бұзушылықтың кімнің тарапынан болғандығына қарамастан, азаматтардың құқығын қорғау жөніндегі өз міндетін адвокаттар заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен жүзеге асырады. Бұл - заңгерлік мәселелер бойынша консультация беру; азаматтардың және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың тапсырмасы бойынша сотта өкілдік ету; талапкерлердің, жауапкерлердің және өзге тұлғалардың өкілі ретінде азаматтық істерде сот талқылауына қатысу, сондай-ақ өзге іс бойынша өкіл, оның ішінде кәсіби заңгер – адвокат ұстау құқығы азаматтық іс жүргізу құқық қабілетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Азаматтық процесілік кодекс азаматтарға сотта өз ісін жүргізудің ең ыңғайлы әдісін тандауға, атап айтқанда:

- істі жеке жүргізуге;
- істі өкілмен бірге жүргізуге;
- істі процеске қатыспай өкілі арқылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Барлық жағдайда іс жүргізуге байланысты барлық шығынды, сондай-ақ сот шешімін, анықтамасы мен қаулысын орындауға байланысты барлық шығынды істе тарап болып табылатын тұлға өтейді.

Кез келген жағдайда азаматқа іс бойынша құқықтық айқындамасы түсіндірілуі керек. Егер адвокаттың құқықтық көзқарасы тараптың көзқарасына қарсы келсе, онда адвокат бұл істі өз өндірісіне алмауы керек.

Іс бойынша адвокаттың көзқарасы белгілі бір талаптарға сай болуы керек:

- өкіл берушінің мүдделерінің заңдылығы және адвокаттық қызметтің мінездемесінің болуы;
- өкіл берушінің позициясы мен адвокаттың құқықтық позициясы қарама-қайшы келмеуі;
- өкіл берушінің адвокаттық құқықтың позициясын білуі;
- іс бойынша құқықтық позицияны анықтағаннан кейін, адвокат іс жүргізуді өзіне қабылдайды.

Адвокат іс жүргізуде тараптың барлық өкілеттіктерін өзіне қабылдағаннан кейін материалға керекті айғақтар мен дәлелдемелерді жинауды бастайды, яғни азаматтық істе өкіл қызметін жүзеге асырады. Егер де қылмыстық істерде алдын ала тергеу органдарының лауазымды тұлғалары дәлелдемелерді дайындаса, азаматтық істерде жұмыс сотта өкіл ретіндегі адвокаттың қызметі болып табылады.

Қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құру мақсатында жеке тұлғаның құқықтық қорғалуын жан-жақты қамтамасыз ету – бірінші кезекті міндет. Сондықтан, азаматтарға кәсіби деңгейі жоғары құқықтық жәрдем көрсету – бүгінгі күні аса маңызды конституциялық қағида болып табылады. Бұл ретте құқықтық жүйе

саласында болсын, қоғамдық немесе әлеуметтік қарым-қатынастар саласында болсын адвокатураның жөні бөлек, орны ерекше.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.
3. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195-І «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы.
4. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы 2012ж.
5. Мейірбекова Г.Б. Мемлекеттік және Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры Абай атындағы ҚазҰПУ, мақала – АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ АДВОКАТТЫҢ ҚАТЫСУЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ <http://group-global.org/ru/node/53568>

УДК 349.412

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР ДАУЛАРЫН ШЕШУ КЕЗІНДЕ ЖЕР ҚҰҚЫҒЫ НОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қосымбай Жалғас

zhalqas.com@mail.ru

1-курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Ж.Тулеубаева

Қазақстан Республикасының Конституциясы (13-бап) әркімнің оның құқықтары мен бостандықтарына сот қорғауына кепілдік береді [1]. Мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің және лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттері (немесе әрекетсіздіктері) сотта шағымдалуы мүмкін.

Сот қорғауының конституциялық кепілдіктері толық көлемде қазіргі жер заңнамасында да қарастырылған. Жалпы юрисдикциядағы және үш деңгейлік соттар жер дауларын шешу бойынша ерекше өкілеттіліктерге ие және жер иеленушілердің құқықтарын анықтау, қалпына келтіру және қорғауға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

Елімізде қазіргі таңда жер қатынастарын реттеуде өзекті мәселелер туындады, оның ішінде жер дауларын шешумен байланысты мәселелерде бар.

Заң әдебиетінде бұрын айтылғандай, оның бір айырмашылығы жер құқығы, азаматтық субъективті құқықтары қорғаудың әдісі болып табылды.

Жер жылжымайтын мүлікпен танылады, жеке меншікке берілген немесе алынған жер телімдеріне байланысты мәмілелер заңмен реттеледі және шешіледі, жер қатынастарын реттеуде азаматтық құқық нормаларының қолданылу аясы кеңейтілген. Жер дауының қатысушылары әкімшілік органдардың шешімдерімен келіспеген жағдайда, жер іс-жүргізу қатынастарында Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің нормалары қолданылады.

Құқықтық категория ретінде қарастырылатын жер дауы – бұл ең алдымен, жер қатынастары қатысушыларының арасында туындаған даулар және осы қатынастарда әрекет етуші субъектілер арасында, оның ішінде мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және атқарушы биліктің әрекеті немесе әрекетсіздігінен, яғни өз міндеттерін орындаудан бас тарту нәтижесінде субъектілердің жерге құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына алып келеді.